

2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 мамырдағы № 570 Қаулысы
(2012.15.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығын және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігімен, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Бағдарламаның нысаналы индикаторларын орындау тиісінше өз құзыреттері шегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық істері агенттігіне, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне бекітілсін.

4. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар «Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесіне сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

5. «2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 қарашадағы № 1176 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ө.Е. Шөкеевке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 24 мамырдағы
№ 570 қаулысымен
бекітілген

2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ»
бағдарламасы

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 1-бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы
Өзірлеудің негіздемесі	«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 <u>Жарлығы</u> және Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты <u>Жолдауы</u>
Өзірлеуге жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі
Іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар	Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Бағдарламаның мақсаты	Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету
Бағдарламаның міндеттері	<p>Сумен жабдықтау мен су бұрудың жаңа объектілерін салу және қолданыстағыларын қайта жаңарту кезінде жүйелік тәсілді енгізу. Қалалық жерлерде сумен жабдықтау мен су бұрудың орталықтандырылған жүйелерін салу және қайта жаңарту. Ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау мен су бұрудың жергілікті жүйелерін (септик салу және қайта жаңарту. Сумен жабдықтау мен су бұруды реттеу саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру. Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйесін тиімді және рентабельді пайдалануды қамтамасыз ету. Су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру объектілерін қаржыландыруға жеке меншік капиталды барынша тарту.</p> <p>Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларының әлеуетін барынша пайдалану</p> <p>Сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін жобалаудың сапасын арттыру. Сумен жабдықтау мен су бұру секторының жағдайына мониторинг жүйесін құру. Жер асты және жер үстіндегі су сапасының мониторинг жүйесін құру. Су шаруашылығы ұйымдарының рентабельдік жұмысын қамтамасыз ету үшін тариф белгілеу. Инвестицияны кепілді қайтару мақсатында ұзақ мерзімді және рентабельді тарифтер белгілеу. Тұтынушыға жеткізу кезінде өндірістік емес су ысырабының деңгейін ғылыми-негіздемелік нормаларға дейін төмендету. Сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыру кезінде қазақстандық қамтуды дамыту.</p>
Бағдарламаны іске асырудың мерзімдері мен кезеңдері	2011-2020 жылдар I кезең - 2011 - 2015 жылдар II кезең - 2016 - 2020 жылдар
Нысаналы индикаторлар	<p>Ауылдық жерлерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға ауылдық елді мекендердің жалпы санының 80 %-на, қалаларда 100 %-ға қол жеткізуді қамтамасыз ету;</p> <p>ауылдық жерлерде орталықтандырылған су бұруға орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген ауылдық елді мекендердің жалпы санының 20 %-на, қалаларда 100%-ға қол жеткізуді қамтамасыз ету;</p> <p>су айдындарына ағызу кезінде қалалардағы нормативтік тазаланған судың деңгейін 100%-ға дейін жеткізу;</p> <p>әр аудан орталығында сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі мамандандырылған пайдалану кәсіпорындары мен ұйымдарын құру;</p> <p>жеке капиталдың қатысуымен сумен жабдықтаудың және су бұрудың пайдалану кәсіпорындарының, оның ішінде концессиялық келісімдер мен басқа да шарттар негізінде санын 20 бірлікке дейін арттыру;</p> <p>суды есептеу аспаптарымен: қалаларда - 100% және ауылдық елді мекендерде - 80% қамту;</p> <p>сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыру кезінде Қазақстанда шығарылған бұйымдар мен технологияларды пайдалану үлесін 60%-ға жеткізу;</p> <p>3000-нан астам ауылдық елді мекенді жер асты суларының қорларымен қамтамасыз ету;</p> <p>қалалар мен ірі елді мекендер үшін қорларды қайта бағалау мақсатында жер асты суларының 165 кен орнын және топтық су құбырлар үшін 15 кен орнын толық барлау;</p> <p>86 қала мен 6943 ауылдық елді мекенде сумен жабдықтау және су бұру жобаларын мониторинг жүйесімен қамту;</p> <p>халықты тәулігіне 24 сағат ауыз сумен жабдықтауды қамтамасыз ету.</p>
Қаржыландыру көздері мен көлемі	Бағдарламаны қаржыландыру 2011 жылдан - 2020 жылдар аралығында даму институттарының қаражаты, пайдалану кәсіпорындарының меншікті қаражаты, отандық

және шетелдік инвестициялар есебінен және мемлекеттік бюджетте көзделетін 1 273 859

млн. теңге қаражат шегінде, оның ішінде:

республикалық бюджет есебінен -1 164 142 млн. теңге сомасында; жергілікті бюджеттер

есебінен - 109 717 млн. теңге сомасында жүзеге асырылады.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 2-бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Кіріспе

Халықты ауыз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету жөніндегі 2011 - 2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Жолдауын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес әзірленген.

Ауыз сумен қамтамасыз етуде біршама жағдайдың жақсаруына қарамастан, бүгінгі таңда республика халқының едәуір бөлігі тиісті сападағы және толық көлемде ауыз сумен қамтамасыз етілмеген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша су бұру жүйесінің қазіргі жағдайы айтарлықтай Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығына жеткіліксіз.

Мәселен, халықты орталықтандырылған сумен жабдықтау үшін қолданылатын 1-санаттағы ашық су айдындарынан алынатын су сапасы жалпы республика бойынша санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша 2009 жылмен салыстырғанда төмендеген, 1989 су сынамасының 151-і немесе 7,6% нормативке сай келмеген, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша - 4,5%.

Қызылорда облысы бойынша су айдындарының ластану деңгейі бұрынғыдай жоғары болып қалуда - 95,8%, Батыс Қазақстан облысында - 22,4%, Ақмолада - 16,9%, Оңтүстік Қазақстанда - 8,5%.

Ашық су айдындар суының сапасына әсер ететін себептердің бірі су бұру желілеріндегі авариялар және шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік сарқынды суды тазаламай ағызу болып табылады.

Осыған байланысты, Бағдарлама су көздерінің тазаланбаған сарқынды сулармен ластануының алдын алуды, сумен жабдықтау және су бұру салаларына жеке капиталды тартуды, пайдалану кәсіпорындары мен ұйымдарының тиімді және рентабельді қызметін қамтамасыз етуді, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғыртуды, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларын барынша пайдалануды және су шаруашылығы саласында жобалау-іздістіру жұмыстарының сапасын арттыруды көздейді.

Бағдарламаны іске асыру кезінде жүйелі тәсілдердің бірі орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар, әлеуетті инвесторлар, ғылыми институттар, үкіметтік емес ұйымдар, пайдалану мекемелері арасындағы тиісінше өзара іс-қимыл мен іс-қимылдың үйлестірілуін ұйымдастыру болып табылады.

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру Қазақстан Республикасының халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге және су бұру қызметтерімен қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, мемлекет өткен кезеңде халықты ауыз сумен және су бұрумен қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды іске асырған кезде мынадай кемшіліктердің бар екені белгіленді:

сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту мен дамыту жөніндегі жұмыстарды жоспарлаған кезде жүйелік тәсіл мен орталық және жергілікті атқарушы органдардың тиісті өзара іс-қимылының болмауы;

су ресурстарының (ашық су айдындарының) шектеулі болуына байланысты сумен жабдықтау және су бұру мәселелерін шешуде кешенді тәсілдің болмауы;

сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыру барысына мониторингінің болмауы;

сумен жабдықтау және су бұру секторында бірыңғай ақпараттық-талдау базасының болмауы;

сумен жабдықтау және су бұру жобаларының жобалау-сметалық құжаттамасын (бұдан әрі - ЖСК) әзірлеу деңгейінің төмендігі;

жер асты суларының қорларын растамай сумен жабдықтау жобаларын іске асыру;

тұтынушыларға берілетін судың есепке толық алынбауы;

кәсіпорындардың сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта жаңартуға және жаңғыртуға жұмсалатын инвестициялық ресурстарының жеткіліксіздігі;

сумен жабдықтаудың және су бұрудың қолданыстағы жүйелерін техникалық пайдаланудың қажетті деңгейінің болмауы;

білікті кадрлардың тапшылығы мен тұрақтамауы және салалық мамандарды даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесінің болмауы.

3. Қазақстан Республикасындағы сумен жабдықтаудың және су бұрудың ағымдағы жағдайын талдау

1. Қалалық жердегі сумен жабдықтаудың жағдайы

Бүгінгі таңда республиканың қалаларында ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасы орын алуда.

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің деректері бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қала халқының орталықтандырылған сумен жабдықталуы 82 %-ды құрайды.

Халықты орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріне қол жеткізу деңгейі бойынша Қазақстан Республикасы дамыған елдерден артта қалады, бұл көрсеткіш 90 - 95 %-ды құрайды.

Республика бойынша қалалардағы су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 27 000,3 километрды құрайды, оның ішінде таратушы су құбыры желілері - 18 173,7 километр, бұл ретте, қазіргі уақытта республика бойынша «иесіз» 2 188 километр желі бар.

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің деректері бойынша су құбырлары желілерінің көпшілігі қанағаттанарлықсыз жағдайда, сенімді пайдаланудың 25 жылдық нормативті мерзімін ескере отырып, жұмыс жағдайында сумен жабдықтаудың 36 % желісі бар, шамамен 64 % желіге күрделі жөндеу немесе оларды толығымен алмастыру қажет болып отыр.

Негізінен су құбыры желілері 25 - 40 жыл бұрын пайдалануға берілген және ішкі беті қорғалмаған (негізінен, болат және шойын құбырлар). Сондықтан, тат басудың салдарынан су таратқыштар мен су құбыры желілері тез тозып, бұзылады және басылады, ол су құбырларының өткізу мүмкіндігін азайтып, авариялар санының артуына, судың ысырап болуына және ауыз су сапасының нашарлауына алып келеді.

Осының салдарынан сумен жабдықтау желілерінде жыл сайын судың ысырап болуының артуы тіркелуде, мысалы, 2009 жылы 2004 жылмен салыстырғанда ысырап мөлшері 10,9 %-ға артты.

Сумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалану нәтижесінде республика бойынша сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізу 5,3 %-ға артты, жалпы республика бойынша сумен жабдықтау желілеріндегі авариялардың саны 2004 жылмен салыстырғанда 15,8 %-ға азайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін Стратегиялық даму жоспарына сәйкес ТҮКШ саласындағы басты мақсаттардың бірі суды тасымалдау кезінде нормативтік ысырап үлесін 2015 жылға қарай — 19 %-ға, 2020 жылға қарай - 15 % дейін жеткізу болып табылады.

Мәселен, «Қазақстан Су Арнасы» қауымдастығының деректері бойынша республикада орташа есеппен алғанда нақты нормативті (нормативтен тыс) коммерциялық су балансындағы ысырап қалалық сумен жабдықтау кәсіпорындарында 15 % бастап 20 %-ға дейін құрайды. Осыған байланысты 2 жылдың ішінде сумен жабдықтау секторында үлкен жұмыс жүргізу - Стратегиялық жоспарда белгіленген индикаторларға қол жеткізу үшін нормативтен тыс (коммерциялық) ысырапты 2-3 % жою қажет.

Бұл ретте, көздерден су жинағыштан бастап пайдаланушыға дейін суды толық аспаптық есепке алуды ұйымдастырмай сумен жабдықтау желілерінің құбырларын тіпті 100 % жаңаларына ауыстырылса да, нормадан тыс ысырапты (коммерциялық) жоюға алып келмейтінін пайдалану кәсіпорындарының және сенімді су балансын бермейтінін түсіну қажет.

Суды тарату мен тұтынудың барлық деңгейінде оны есепке алудың сенімді деректері ғана кәсіпорындардың су балансын қалыптастырады, оны талдау өз кезегінде суды тасымалдау кезіндегі оның ысырап болуының төмендеу немесе арту деңгейін көрсетеді.

Суды сапалы есепке алуды ұйымдастыру ғана кәсіпорындардың су балансында нормативтен тыс су ысырабын 2-3 есеге дейін қысқарта алады.

Бос қаражат болмаған кезде, суды жеке есепке алу аспаптарын (ЖЕА) сатып алу және орнату бойынша міндеттерді орындай отырып, пайдалану кәсіпорындары сатып алынған және орнатылатын аспаптардың дәлдік сыныбына назар аудармаған, аспаптардың басты өлшемі баға болды, нәтижесінде суды коммерциялық есепке алудың аспаптық паркі дәлдіктің А және В төмен сыныпты арзан аспаптарымен қамтылды.

Әлемдегі суды тұтыну көрсеткіштерін мұрағаттауды ұйымдастыру жөніндегі қолданыстағы қазіргі заманғы технологиялар көрсеткіштерді абоненттік қызметтердің стационарлық немесе алып жүретін жабдығымен қашықтан алу мүмкіндігімен біріктірілген, бұл кәсіпорындарда суды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізуге негіз болады.

Суды есепке алудың жаңа технологияларына өтуді бүгінгі күннің өзінде Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларында пайдалану кәсіпорындары, негізінен сумен жабдықтау жүйелеріне жаңа пайдаланушыларды қосуға арналған техникалық талаптарды белгілеу кезінде жүзеге асыруда.

2. Ауылдық жердегі сумен жабдықтау жағдайы

2010 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы № 93 қаулысымен бекітілген 2002 - 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» салалық бағдарламасын іске асыру аяқталады.

Осы Бағдарламаның іс-шаралары ауыл халқын ауыз сумен жабдықтау бөлігінде мынадай көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған:

жалпы ел бойынша сумен жабдықтаудың орталықтандырылған көздерінің суын пайдаланатын халықтың санын 20 - 25 %-ға арттыру;

жалпы сумен жабдықтау деңгейін 80 %-ға дейін арттыру.

Бағдарлама шеңберінде барлығы 12 935 километр су құбыры мен ауыз сумен жабдықтау желілері салынды, қайта жаңартылды және күрделі жөнделді. Халқының саны 3,5 млн. адамнан асатын 3 449 елді мекенді ауыз сумен жабдықтау жақсарды.

Талдау жасайтын кезеңде тасымалданатын суды пайдаланатын ауыл халқының саны 6 еседен астам қысқарып, 71,1 мың адамды құрады. Санитарлық нормаларға сай келмейтін су құбырларының жағдайы 336-дан 133 бірлікке азайды.

Бағдарламаны іске асырудағы белгілі бір оң нәтижелерге қарамастан, ауыл халқын сумен жабдықтау проблемасы осы күнге дейін сақталып келеді.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі - АЕМ) орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізуі 13,5 %-ға ғана артып, 42,5 %-ды құрады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша АЕМ-нің жалпы санынан 6943 -тен орталықтандырылған ауыз сумен жабдықталмағандарына (проблемалы) барлық ауыл халқының 40 %-ын құрайтын немесе халқының саны 3 млн. адамды құрайтын 3 592 АЕМ жатады. Осындай АЕМ 4 санат бойынша топтастырылған және 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Орталықтандырылған ауыз сумен жабдықталмаған АЕМ санаттары

Р/с №	АЕМ санаттары	АЕМ саны	Үлес салмағы, %
1.	Тасымалданатын суды пайдаланатындар	134	3,7
2.	Топтық су құбырына қосылуды талап ететіндер	386	10,7
3.	Топтық су құбырлары (қайта жаңарту мен салу)	114	3,2
4.	Орталықсыздандырылған сумен жабдықтау жүйесі барлары	2958	82,4
	Барлығы	3 592	100

Жалпы, 2002 - 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» бағдарламасын іске асыру кезінде бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, су құбырларын сапасыз салу мен қайта жаңарту, жөндеу-салу жұмыстарын орындау мерзімдерінің бұзылуы және ауыз судың сапасын қамтамасыз етпеу фактілері орын алған.

Оның басты себебі сумен жабдықтау жүйесін дамыту мен жаңғырту жұмыстарын жоспарлау кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың жүйелі тәсілі мен тиісті өзара іс-әрекетінің болмауы болып табылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру үнемі басымдықтарға сәйкес жүргізілмеді. Нәтижесінде, кейбір жағдайларда ауқымды бюджет қаражатына салынған объектілер тұрып қалып, ал басқалары қаржыландырудың жетіспеуі салдарынан азғантай бөлшектермен қайта жаңартылып жатты.

Сонымен қатар, 2002 - 2010 жылдарға арналған «Ауыз су» **бағдарламасын** іске асыру нәтижелеріне жасалған талдау ауыл халқын ауыз сумен жабдықтау мәселесінде пайдалану кәсіпорындарының болмауы немесе олардың жеткілікті дәрежеде материалдық-техникалық жабдықталмауы тежеуші факторлардың бірі болды.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 3-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Қалалық жердегі су бұру жағдайы

Статистика агенттігінің деректері бойынша 2009 жылы қалалық жерлерде желілерінің жалпы ұзындығы 12 455,8 километр болатын 186 су бұру кәсіпорындары бар, олардың 8 712 километрі немесе 70% жөндеуді қажет етеді.

Су бұру инфрақұрылымына қосылу деңгейінің ауқымы қалаларда өте кең, Аякөз қаласында - 12 %, Сәтпаев қаласында - 98 %-ға дейін. Облыс орталықтарында және Астана мен Алматы қалаларында су бұру жүйесіне халықтың 60-94 %-ы қосылған. Риддер, Зырянов, Қаратау, Сәтпаев, Жезқазған, Жанатас сияқты өндірістік бағыттағы көптеген қалаларда су бұру жүйесіне қосылу деңгейі жоғары - 90 %-дан асады.

Бұл ретте, суды бұрумен бірге қалалық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлес салмағы республика бойынша орташа 73,4 % құрайды.

39 қала мен кентте тазалау құрылыстары мүлдем жоқ, тиісінше сарқынды судың төгіндісі тазалаусыз жүзеге асырылады.

Барлық сарқынды су көлемінен тазаланудан өтетін, нормативтік талаптарға дейін 64 %-ы жеткізіледі, тазаланбаған сарқынды судың қалған 36 %-ы, мәселен Тараз қаласында тікелей сүзгілеу алаңына, Көкшетау, Орал, Петропавл, Қостанай қалаларында жинағыштарға ағызылады.

Жұмыс істеп тұрған құрылыстардың көпшілігі қазір өзінің пайдалану ресурстарын сарқыған және жөндеуді талап етеді, басқалары - артық жүктемемен жұмыс істейді, ол сарқынды суларды тазалау технологияларының жобалық деректеріне сәйкес келмеуіне әкеліп соғады.

Мәселен, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан сияқты облыстарда жеткіліксіз тазаланған сулардың пайызы 39-дан 72%-ға дейін жетіп отыр.

Бұл қолданыстағы тазалау құрылыстарының артық жүктемемен жұмыс істейтінін көрсетеді.

Тазартылған сарқынды су жинағыштары жиі өзінің шекті белгілеріне дейін толып қалады, бұл ұдайы қоршау бөгеттерінің авариялық жарылу, су объектілерінің ластану және елді мекендерді су басу қаупін туғызады.

Сондай-ақ су бұру желілерінің негізгі қорлары тозуының салдары аварияның жоғарғы деңгейі болып табылады, мәселен 2009 жылы республика бойынша орташа алғанда 1 километрге 0,2-ден 29,5 аварияға дейін құрады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың сарқынды суларының едәуір көлемі тікелей қалалық тазалау құрылыстарына түседі, олар өнеркәсіптік сарқынды суларды тазалауға есептелмеген. Соңғы уақытта тұрмыстық сарқынды суларда шетелде өндірілген жуу заттарының сарқынды суы көп болып отыр, оларды тазалау қиын және табиғи ортаға зиянды әсерінің сақталу кезеңі ұзақ әрі тиісінше су көздерін ластайды.

Қоршаған ортаның деректері бойынша қазіргі уақытта 43 ірі өнеркәсіптік кәсіпорнының сарқынды суы төгінділерінің 50 %-ы қойылған талаптарға сәйкес келмейді, су бұру жүйесіне төгінділердегі зиянды заттардың шоғырлануы шекті жол жіберілетін нормадан асып кетеді. Тұтастай, республикадағы көптеген елді мекендердің су бұру жүйесінің негізгі қорларының тозуы 40-70%-ға, ал кейбіреулерінде 100%-ға дейін жетеді.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 4-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Ауылдық жердегі су бұру жағдайы

Статистика агенттігінің деректері бойынша 2009 жылы ауылдық жерлерде жалпы ұзындығы 2 075,5 километр болатын, су бұру желісі бар 163 кәсіпорын жұмыс істейді, бұл ретте 1 452 километр жөндеуді талап етеді.

Су бұру жүйесі бар ауылдық тұрғын үй қорының жалпы алаңының үлес салмағы республика бойынша орташа 8,8%-ды құрайды.

Ауылдық елді мекендердегі сарқынды сулардың барлық көлемінен нормативтік деңгейге дейін 45,4% тазартылады, қалған 54,6% тазартылмаған сарқынды сулар.

Бұдан бұрын ауылдарда су бұру объектілерінің құрылысына қажетті деңгейде назар аударылмаған, яғни сумен жабдықтау басымдық болып табылған. Су бұру жүйелері аудандық орталықтарда және ірі кенттерде салынған. Ал сарқынды суларды әкімшілік-шаруашылық ғимараттардан, мектеп, аурухана және көп этажды құрылыстардан ғана бұру жүзеге асырылған.

Қазіргі таңда, ауылдық кенттерде шығарылатын (ассенизациялық) қалдықтарды жоюдың жүйесі басым, кәріздік (ағым) аз пайызбен - 3-5% шамасында қамтылған.

Сонымен қатар, кенттердің санитарлық жағдайы сумен жабдықтау бойынша алдағы шығындарды есепке ала отырып, су бұрудың орталықтандырылған жүйесінің құрылғыларының қоғамдық және өндірістік объектілерде жергілікті тазалау құрылыстарын, септиктерді жетілдіру жолымен бірінші кезеңде жақсартылуы мүмкін.

Мынадай жұмыс жүргізу қажет:

1) ауылдық жерлерде су бұру жүйесін ұйымдастыру бойынша дамыған елдердің тәжірибесіне талдау жүргізу;

2) қоршаған ортаның, атап айтқанда жер бетіндегі және жер астындағы сумен жабдықтаудың, топырақтың ластануына жауап беретін бақылау қызметтерінің жұмысын ұйымдастыру;

3) тұтынушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 5-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

5. Сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін жобалау сапасы

Сапасыз құрылыс себептерінің бірі сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерінің жобалау-сметалық құжаттамасының әзірлену деңгейінің төмендігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің деректері бойынша бүгінгі таңда сараптамаға ұсынылатын жобалардың жартысы дерлік мемлекеттік құрылыс нормалары мен қағидаларының талаптарына сәйкес келмей, пысықтауға қайтарылуда.

Тек 2009 жылдың өзінде жобаларда 326 мыңнан астам әр түрлі кемшіліктер мен жобалау нормаларынан ауытқу анықталған. Негізінен, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеумен сумен жабдықтау және су бұру объектілерін жобалау тәжірибесі жоқ ұйымдар айналысады.

Қазіргі уақытта «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы **Заңына** сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің құзыретіне кіреді.

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің деректері бойынша 2010 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда жергілікті атқарушы органдар жобалау жұмыстарын өткізуге 12 мың лицензия берген. Бұл ретте, 50-ден аспайтын ұйым сумен жабдықтау объектілерін жобалауға маманданған және жақсы өндірістік базасы мен білікті мамандары бар.

Жобалау-іздістіру жұмыстары деңгейінің төмендігі құрылыс жұмыстарының едәуір қымбаттауына, ал кейде оны жүргізудің мүмкін еместігіне алып келеді. Сумен жабдықтау объектілерін салу немесе қайта жаңарту жұмыстары сапасыз жасалған жобалау-сметалық құжаттама (бұдан әрі - ЖСҚ) негізінде жоспарланып жүргізілген жағдайлар орын алған.

Нәтижесінде жаңадан салынған желілер 1-2 жыл істеп, пайдаланудан шығады. Сумен жабдықтау объектілерін жер бөлінісінің және электрмен жабдықтау жүйелеріне қосу мәселелері шешілмей аудандық әкімдіктер әзірлеген ЖСҚ бойынша салу орын алған фактілері болды.

Қазіргі кезде сумен жабдықтау және суды бұру жүйелерін жобалаған кезде жобаларға алыс және жақын шетелдік технологиялар, материалдар және жабдықтар қолданылады.

Сонымен қатар, сумен жабдықтау және су бұру объектілерін жобалаған кезде алыс шетел және отандық өндірушілердің тиімсіз технологиялары негізінде үлгілік жобалар қолданылады, оларда энергия тиімділігі жоқ, бірақ бір артылықшылығы бар - бағасы арзан.

Осыған байланысты, технологиялық шешімдері бар, қазіргі уақыттағы жабдықтарды шығаратын, бәсекелестігі бар отандық өндіруші нарығын құрып, қазіргі және болашақтағы өндірісті қолдайтын және ұзақ мерзімді кепілдігі бар отандық кәсіпорындардың өнімін қолдау қажет.

Бұдан басқа бүгінгі күні ғимарат салу сметаларында іске қосу-баптау жұмыстарының шығыны мүлдем жоқ, бұл объектілерді пайдалануға беруде және оларды одан әрі пайдалануда кері әсер етеді. Көбінесе баптаусыз қабылданған күрделі объектілерге қызмет көрсетілмейді және жұмыс істемейді.

6. Жер асты суларын пайдалануға байланысты жағдай

Жер асты су объектілері суының сапасы жер үсті суынан едәуір жоғары, сондықтан оларды ауыз сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланған тиімдірек. Соған қарамастан, елді мекендердің елеулі бөлігі жер асты суларын ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық мақсатта пайдаланбайды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің деректері бойынша республикада 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекет теңгерімінде тұрған жер асты суларының 1282 кен орны барланған.

Барланған ауыз судың пайдалану қоры республиканың жиынтық қажеттілігінен 2 есе артады және тәулігіне адам басына 1,12 м³ құрайды.

Сонымен қатар, жер асты суларының барланған қорларын игеру баяу қарқынмен жүргізіліп жатыр, ал соңғы жылдары республиканың бірқатар өңірлерінде мүлдем дерлік тоқтатылған. Көптеген жер асты суларының кен орындары 10 — 15 жыл қатарынан пайдаланылмай келеді, ал жекелеген жағдайларда олардың пайдалануға берілу мерзімінің кешіктірілуі 25 -30 жылды құрайды.

Сондықтан, барланған қорлар халықтың ауыз суға деген қажеттілігін толық көлемде қамтамасыз ете алмайды.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта барланған кен орындарының жалпы санынан (1282) 402 кен орны ғана пайдаланылуда (алынатын судың көлемі тәулігіне 2,0 млн. текше метрді құрайды), ол халықтың ауыз суды тұтынуының жалпы теңгерімінде 56 %-ды құрайды.

Келтірілген фактілер жер асты су көздерінің қолда бар әлеуетін толық көлемде пайдаланбауының куәсі болуда.

Пайдалану ұнғымаларын орналастыру көптеген жағдайда есептік схемаларға сәйкес келмейді, бақылау тораптары жоқ, бұл жер асты су көздері қорының тауысылуына әкелуі мүмкін.

*ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 **Қаулысымен 7-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)***

7. Су айдындарының санитарлық жағдайы

Жалпы сумен жабдықтаудың барлық жер үстіндегі көздері соңғы жылдары антропогендік сипаттағы әр түрлі заттармен айтарлықтай ластанғанын және олардың көбінің су сапасы нормативтік талаптарға сай келмейтінін атап өткен жөн.

Аумағы бойынша жер асты суларының тым тепе-тең бөлінбеуі және әртүрлі сапа оларды шаруашылық қызметке толық тартуға мүмкіндік бермейді. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің деректері бойынша республика шеңберінде жер асты суларының 700-ден аса әлеуетті ластану көзі табылды. Жер асты сулары сапасының нашарлану қаупі 10 шақты елді мекенде, жүзден аса су көзінде және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған бірқатар жер асты суларының су жинағыштарда анықталды.

Қазіргі уақытта 291 бақылау пункті жер үсті суларына мониторинг жүргізеді. Сонымен қатар, Дүниежүзілік Метеорологиялық Ұйымның талабы бойынша Қазақстанда желі 740 гидрологиялық бекеттен тұруы қажет. Осыдан жер үсті суларының сапасын бақылау үздіксіз бақылауды бұзумен өтеді деген қорытынды жасауға болды. Бірнеше жылдар бойы көптеген су объектілерінде тіптен бақылау жүргізілмеген.

Сумен жабдықтау жүйесіндегі құбырлардағы су сапасын бақылау маңызды проблема болып табылады. Ауыз су сапасын бақылайтын санитарлық-эпидемиологиялық зертханалардың жабдықтары, әсіресе ауылды мекендерде тіптен жаңартылмайды. Қалалық су арналары өз қаражаты есебінен зертханаларын ұстап тұра алса, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қызметтерде мұндай зертханалар мүлдем жоқ немесе уақыт талабын қанағаттандырмайды, тікелей су өткізу жүйесіндегі су сапасының автоматтандырылған үздіксіз бақылау құралдары мүлдем қолданбайды.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің бақылауында 2950 су құбыры бар, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 42 су құбырына артық (2010 жылы - 2908). Сумен жабдықтау объектілеріне санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асырудың нәтижелері бойынша жұмыс істемейтін және санитарлық талаптарға сәйкес келмейтін су құбырларының саны жыл сайын азайып келе жатқаны байқалады. Айталық, 2011 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс істемейтін су құбырларының саны су құбырларының жалпы санының 99-ның немесе 3,4% (2010 жылы 139 немесе 4,7%), ал санитарлық талаптарға сәйкес келмейтіндер - 126 немесе 4,2% (2010 жылы 133 немесе 4,5%) құрады.

8. Сумен жабдықтау және су бұру жүйесіндегі тарифтік саясат

Бұрын атап көрсетілгендей, су шаруашылығы секторына сумен жабдықтау желілерінің тозуы мен су шаруашылығы секторы кәсіпорындарының активтерін жаңартуға және жаңғыртуға жұмсалатын қаржының жетіспеушілігі туралы мәлімдейтін нормативтік техникалық шығындар жоғары деңгейге тән.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2005-2009 жылдар кезеңдерінде сумен жабдықтау мен су бұру қызметін көрсетуге ел бойынша тарифтер орташа 27 теңгеден 33,8 теңгеге дейін көтерілді.

Осыған байланысты, сумен жабдықтау саласындағы табиғи монополиялар субъектілері қызметтеріне тариф белгілеумен байланысты мәселелерге басты назар аудару қажет.

Сумен жабдықтау саласындағы жағдай, сонымен қатар суды тиімсіз пайдалану проблемасына байланысты күрделене түсуде.

Осылайша, бүгінгі таңда ауыз суды пайдалануда тарифтің төмен деңгейіне қатысты дамыған елдерге қарағанда бүгінгі күні Қазақстанда жан басына шаққанда 2345 м³ құрайды, Еуропада бұл көрсеткіштер жылына 455,5 м³ құрайды.

Сол себепті, бүгінгі таңда сумен жабдықтау қызметтерін жеткізушілерді өз шығындарын қысқартуға ынталандырумен бірге, тұтынушылардың суды ұтымды пайдалануға, оның ішінде суды есептеу аспаптарын орнату жолымен ынталандыру, суды үлесті пайдалану нормаларын төмендету, пайдаланылған су көлеміне байланысты және тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтерді енгізу мәселесі де өткір тұр.

Тұтынушы топтарға сараланған тарифтерді қолдану Алматы қаласы мен Ақмола облысының су арналарының жұмысын үлгі ретінде көрсетуге болады. Екінші жылдың өзінде заңды тұлғалардың суды тұтынуы төмендегені байқалды.

Қолданған су көлеміне сай сараланған тарифтерге - яғни екінші кезеңге өту қажет. Егер де заңды тұлғаларға қатысты мәселенің түсініктілігі белгілі болса, онда осындай тарифтерді халыққа қолданған кезде, қызметтерді тұтынушылар сияқты пайдалану орындарында барлық тетіктері мен қатерлерін егжей-тегжейлі әзірлеу қажет. Нұсқаларды салыстыру, аспаптардың көрсеткіштерін қашықтан беретін су есептейтін автоматтандырылған жүйені енгізу немесе бірден бақылаушылар санын өсіру.

Сезімталдығы жоғары, нақтылығы төмен класты суды есептеудің арзан аспаптарын пайдалану, аспаптарды дұрыс құрастырмау, үйдің жалпы есептегіш құралының (ЖЕК) болмауы немесе оны олардың көрсеткіштерін елемей, пайдаланылған суды 30 %-ға дейін дұрыс есептемеу-коммерциялық шығындарға әкеледі, тиісінше пайдаланушы кәсіпорындар елеулі түрде табысын жоғалтады.

Осылайша, 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің деректері бойынша қалалардағы суды есептеу аспаптарымен қамту деңгейі республика бойынша орташа есеппен 82 %-ды құрады. Ауылдық елді мекендерде суды есептеу аспаптарымен қамту 40 %-ға да жетпейді.

Тарифтік саясат - орта және ұзақ мерзімді бағдарламаларды іске асыруға арналған инвестицияларды өтейтін пайдаланушы кәсіпорындарының жұмыс өтімділігін қамтамасыз ететін сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің тарифтерін қалыптастыруға бағытталған болуы қажет.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 9-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

9. Сумен жабдықтау және су бұру секторын кадрмен қамтамасыз ету

Қазіргі уақытта пайдаланушы кәсіпорындар, жобалық ұйымдар, жергілікті және республикалық деңгейдегі мемлекеттік мекемелердің аппараттары, оқу орындары «Су ресурстары және су пайдалану» мамандығы бойынша білікті кадрларға тапшы.

Қазіргі уақытта, 7 ЖОО ҚР су секторы үшін кадрларды даярлауды қамтамасыз етуде: Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті - Алматы қаласы, Еуразия Ұлттық Университеті - Астана қаласы, Қызылорда мемуниверситеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті - Шымкент қаласы, Шығыс Қазақстан Мемлекеттік техникалық университеті, Атырау және Тараз мемуниверситеттері.

Сала үшін мамандар «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы шеңберінде даярланады. Қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалануға беру үшін ЖОО мамандар даярламайды.

Бұдан басқа, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мамандықтар бойынша 26 техникалық және кәсіптік білім беру оқу орнында, сондай-ақ 21 кәсіпкерлік лицейде және 5 колледжде кадрларды даярлау жүргізілуде, бұл ретте, 2008-2009 оқу жылдары «Сумен ресурстары және су пайдалану» мамандығы бойынша бітіргендер 19 адамды құрады.

Тұрақты ғылыми-техникалық прогресс инновациялық есептеу аспаптарымен сумен жабдықтау мен су бұрудың жаңғыртылған желісінің болуын талап ететінін ескере отырып, сала қазіргі уақытта суды есептеу аспаптарының жаңа жоғары дәлдікте жүргізе білетін сертификаттары бар жұмыскерлерді қажет етеді.

Сезімталдығы жоғары, нақтылығы төмен классты суды есептеудің арзан аспаптарын пайдалану, үйге ортақ есептеу аспаптарының жоқтығы, аспаптарды дұрыс монтаждамау пайдаланылған суды дұрыс есептемеу коммерциялық шығындарға әкеледі, тиісінше пайдаланушы кәсіпорындар елеулі түрде табысын суды тұтынудың қойылған құнынан оншақты пайызын жоғалтады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің деректері бойынша геология саласы және су секторы саласы гидрогеолог мамандарына аса зәру. Соңғы жылдары жоғары білікті инженер-гидрогеолог мамандарын даярлау тоқтатылған, қазіргі жоғары білім сыныптамасында мұндай мамандық қарастырылмаған.

Бүгінгі күні бұл саладан кадрлар көптеп кетуде. Негізінен салада жұмыс істейтін инженер-техник қызметкерлерінің білімі қажетті біліктілікке сай келмейді. Сонымен бірге республикада, жалпы, кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесі жоқ.

Жалпы, өткен кезеңде мемлекеттің халықты ауыз сумен жабдықтауға және су бұруға бағытталған іс-шараларды іске асыруы кезінде мынадай кемшіліктер анықталды:

сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту мен дамыту жұмыстарын жоспарлаған кезде жүйелік тәсіл мен орталық және жергілікті атқарушы органдардың қажетті өзара іс-қимылының болмауы;

су қорының (ашық су айдыны) шектеулі болуына байланысты сумен және суды бұру мәселесін шешуде кешенді тәсілдің жоқтығы;

сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыру барысы мониторингінің болмауы;

сумен жабдықтау және су бұру жобалары ЖСҚ әзірлеу деңгейінің төмендігі;

жер асты суларының қорларын растамай сумен жабдықтау жобаларын іске асыру;

тұтынудың берілетін судың есепке толық алынбауы;

кәсіпорындардың сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта жаңартуға және жаңғыртуға жұмсалатын инвестициялық ресурстарының жеткіліксіздігі;

сумен жабдықтаудың және су бұрудың қолданыстағы жүйелерін техникалық пайдаланудың қажетті деңгейінің болмауы;

білікті кадрлардың тапшылығы мен тұрақтамауы және салалық мамандарды даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесінің жоқтығы.

2-кесте

10. Су шаруашылығы секторының мүмкіндіктерін және ықтимал қатерлерін, күшті және әлсіз жақтарын талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары	Қатерлер (Тәуекелдер)	Мүмкіндіктер
1	2	3	4
мемлекеттің қолдауы	су шаруашылығы секторының құрылысын және қайта	сумен жабдықтау және су бұру жүйесі жобаларын іске асыруда бюджет	жеке инвестициялар тарту

	жаңғыртылуын жоспарлауда жүйелі тәсілдің болмауы	қаражатын тиімсіз пайдалану	
сумен жабдықтау және су бұру желілерінің қолданыстағы инфрақұрылымының болуы	сумен жабдықтау және су бұру желілері тозуының жоғары деңгейі; жаңа және қолданыстағы сумен жабдықтаудың және су бұру жүйелерінің құрылысына және қайта жаңартуларға мемлекеттік инвестициялардың жеткіліксіздігі, ауылдық жерлерде мамандандырылған пайдаланушы кәсіпорындар мен ұйымдардың болмауы	сумен жабдықтау және су бұру объектілерінің қанағаттанғысыз техникалық жай-күйі; аварияның өсуі; тәулік бойы су берудің болмауы; тұтынатын су сапасының нашарлауы.	сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің техникалық жай-күйін жақсарту; суды тазалау және суды әзірлеу шығындарын ұлғайту, материалдық — техникалық базаны жарактандыру арқылы пайдалану қызметін жетілдіру
су шаруашылығы секторының өтімділігі	инновациялық-инвестициялық жобаларды іске асыруға жеке операторларды тартудың төмен деңгейі, біліктілігі жоғары мамандардың болмауы	инновациялық-инвестициялық жобаларды енгізудің болмауы, қабілетті жас мамандарды жұмысқа тарту тетігінің болмауы	сумен жабдықтау және су бұру саласындағы бизнес ортаны дамыту; Мемлекеттік-жеке әріптестік (бұдан әрі - МЖӘ) шартында жүзеге асырылатын инновациялық-инвестициялық жобаларды іске асыруға жеке операторларды тарту
сумен жабдықтау және су бұру объектілерін дамытуға және жаңғыртуға шетелдік қаржы институттарының мүдделілігі	қолайсыз инвестициялық ахуал; ауыл халқының төлем қабілеттілігінің төмендігі; сумен жабдықтау және су бұру желілері тозуының жоғары деңгейі; халықтың төмен тығыздығы және ауқымды қашықтықтарға су тасымалдау үшін су тарту құрылысының қажеттілігі	инфляцияның өсуі; халықтың әлеуметтік наразылығы	шетел инвестицияларын тарту мүмкіндігі; МЖӘ тетіктерін дамыту; тариф белгілеудің прогрессивті әдістерін қолдану
сараланған тарифтерді пайдалану	5 және одан ұзақ жылдарға арналған ұзақ мерзімді тарифтердің болмауы және орта мерзімділер санының аз болуы	инфляцияның өсуі, халықтың әлеуметтік наразылығы	аз қамтылған азаматтарға мемлекеттік қолдау көрсету
су факторына байланысты науқастануларды төмендету	пайдаланушы ұйымдардың болмауы	сумен жабдықтау және су бұру жүйелері жабдықтарының қызмет мерзімінен бұрын істен шығуы	әрбір ауданда пайдаланушы ұйым және әрбір ауылдық елді мекенде пайдаланушы топ құру
жер асты тұщы су қорының жеткілікті деңгейі	ел аумағындағы жер асты су қорларының бірдей бөлінбеуі, жер асты тұщы суларының қазіргі қорын жеткілікті пайдаланбау	ұңғымаларды пайдалану режимдерін бұзу нәтижесінде жер асты су көздерінің сапасының төмендеуі, иесіз	иесіз гидрогеологиялық ұңғымаларды шаруашылық айналымға тарту, жер

		гидрогеологиялық ұңғымалар санының көптігі, жер асты суларының техногендік ластануы	асты тұщы суларының жаңа кен орындарын игеру; су қорғау, техникалық және санитарлық іс-шараларды іске асыру; су тазалау станцияларында суды өңдеу технологияларын жетілдіру; жер асты суын жинау және мониторингілеу, тасымалдау және суды бөлу жүйелерін дамыту
--	--	---	--

4. Мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар және бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

1. Бағдарламаның мақсаты

Халықты сапалы ауыз сумен және су бұру қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 [Қаулысымен](#) 2-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Нысаналы индикаторлар

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу көрсеткіштерді аралық нәтижелермен салыстыру және өлшеу арқылы мынадай индикаторлар бойынша анықталатын болады:

ауылдық жерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қоя жеткізуді АЕМ-нің жалпы санының 80 %-на, шағын қалаларда - 100 % қамтамасыз ету;

ауылдық жерде орталықтандырылған су бұруға қол жеткізуді ауылдық елді мекендердің жалпы санының 20 %-на, қалаларда 100 %-ға қамтамасыз ету;

2020 жылы 64,5 %-дан 100 %-ға дейін тазалау құрылғыларынан өткен жалпы сарқынды сулар көлемінде нормативтік мәніне дейін тазартылған сарқынды сулар үлесін ұлғайту.

әр аудан орталығында сумен жабдықтау және су бұру объектілерінің мамандандырылған пайдаланушы ұйымдарын құру;

пайдаланушы кәсіпорындар жұмысының тиімді өтемділігін қамтамасыз ету;

жеке капиталдың қатысуымен, оның ішінде концессиялық келісімдер және басқа да шарттар негізінде су шаруашылығы кәсіпорындары санының 2015 жылға дейін 20 бірлікке өсуі;

суды есептеу ЖЕҚ аспаптарымен қалаларда 100 % және АЕМ-де 80 %-ға қамту;

сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыру кезінде қазақстандық өнім мен технологиялар көлемін пайдалануды 60 %-ға жеткізу;

3000-нан астам АЕМ-ді жер асты суы қорымен қамтамасыз ету;

қалалар және ірі елді мекендер үшін қорларды қайта бағалау мақсатында 165 кен орынына және топтық су құбырлары үшін 15 кен орынына одан әрі барлау жүргізу;

86 қалада және 6943 АЕМ-де сумен жабдықтау жобаларын мониторинг жүйесімен қамту;

аудандық мамандандырылған пайдаланушы кәсіпорындарға жабдықтар, машиналар мен механизмдер сатып алуға жергілікті бюджеттен кезең-кезеңімен қаражат бөлу.

Алдағы жылдары машиналар мен механизмдерді сатып алу және күтіп-ұстау кәсіпорынның шаруашылық қызметі есебінен тарифтердегі қажетті шығындарды ескере отырып, жүзеге асырылуы қажет.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 [Қаулысымен](#) 3-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

3. Бағдарламаның міндеттері

1. Сумен жабдықтаудың және су бұрудың жаңа объектілерін салған және қолданыстағыларды қайта жаңғыртқан кезде жүйелі тәсілді енгізу.

2. Қалалық жерлерде сумен қамтамасыз ету мен су бұрудың орталықтандырылған жүйесін және ауылдық елді мекендерде жергілікті жүйелерді (септик) салу және қайта жаңарту.

3. Қалалардың сумен жабдықтау және су бұру секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру және оны қаржыландыруға жеке капиталды барынша тарту.
4. Су секторын реттеу саласында нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.
5. Елді мекендердің сумен жабдықтау мен су бұру жүйесін тиімді және рентабельді пайдалануды қамтамасыз ету.
6. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты суларының әлеуетін барынша пайдалану.
7. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жобалау сапасын арттыру.
8. Сумен жабдықтау және су бұру жүйесі жай-күйінің мониторингі жүйесін құру.
9. Жер асты және жер үсті сулары сапасының мониторингі жүйесін құру.
10. Су шаруашылығы ұйымдары жұмысының өтемділігін қамтамасыз ету үшін тариф белгілеу.
11. Сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іске асыру кезінде қазақстандық қамтуды дамыту.
12. Саланы кадрмен қамтамасыз ету.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 4-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

P/c №	Нәтиже көрсеткіштері	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Қалалар бойынша											
1.	Қалаларда орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу, %	83	84	85	86	87	88	90	93	97	100
2.	Республиканың қалаларында орталықтандырылған су бұруға қол жеткізу, %	73	75	78	81	85	88	90	93	97	100
3.	Нормативтік тазаланған су деңгейі	64	66	71	76	81	86	90	93	97	100
4.	Жеке капиталдың қатысуымен, оның ішінде концессиялық келісімдер негізінде су шаруашылығы кәсіпорындарының саны, 20 бірлік		4			16					
5.	Орта және ұзақ мерзімді тарифтерге өткен су арналарының саны (бірлік)	8	9	4	2	2	1				
6.	Қалаларда халықты ауыз суды жеке есептеу аспаптарымен қамту, %	76	89	100							
7.	Сумен жабдықтау объектілеріндегі авария, 1 километр желіге авария саны	0,6	0,5	0,5	0,5	0,4	0,4	0,4	0,4	0,3	0,3
8.	Су бұру объектілеріндегі авария, 1 километр желіге авария саны	0,3	0,3	0,3	0,2	0,2	0,2	0,2	0,1	0,1	0,1
9.	Нормативтік ысырап деңгейі, %	40	35	30	25	19	19	18	17	16	15
10.	Жер асты суларының барланған кен орындарының қорларын қайта бағалау мақсатында жете барлау, жылына бірлік			35	35	35	35	35	5		
АЕМ бойынша											

1.	Ауылдық жерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу, %	41,2	43	45	47	49	61	65	70	75	80
2.	Су бұру қызметіне қол жеткізу, %	8,8	9	10	11	12	13	15	17	18	20
3.	Әрбір аудан орталығындағы мамандандырылған пайдаланушы ұйымдарының саны, жылына бірлік			40	60	61					
4.	АЕМ-де халықты ауыз суды есептеу аспаптарымен қамту, %	28	34	38	41	55	61	67	72	76	80
5	Жер асты сулары қорымен қамтамасыз етілген АЕМ-нің қосымша саны, жылына бірлік	-	-	341	480	480	480	480	480	465	-

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 5-кіші бөлім жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5. Бағдарламаны іске асыру тетігі

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыруға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қатысады.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 Қаулысымен 5-бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаны іске асыру мынадай кезеңдерде жүзеге асырылады және тиісінше міндеттер шешілетін болады:

1 - кезең 2011 - 2015 жылдар.

ауылдық жерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізуді АЕМ-нің жалпы санының 49 %-на, қалаларда - 87 %-ға қамтамасыз ету;

ауылдық жерде орталықтандырылған су бұруға қол жеткізуді 12 %-ға, қалаларда - 85 %-ға қамтамасыз ету;

2- кезең 2016 - 2020 жылдар.

ауылдық жерде орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізуді АЕМ-нің жалпы санының 80 %-на, қалаларда - 100 % қамтамасыз ету.

ауылдық жерлерде орталықтандырылған су бұруға ауылдық елді мекендердің жалпы санының 20 %-на, қалаларда - 100 %-ға қол жеткізу.

Бюджет қаражатын тиімсіз және үнемсіз пайдалану фактілерін болдырмау, Бағдарламаны іске асырудың алдағы 2011 - 2020 жылдар кезеңіне арналған халықты ауыз сумен және су бұрумен жабдықтау бойынша баламалы және үнемді шешімдерін іздеуді кеңейту мақсатында мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Сумен жабдықтаудың және су бұрудың жаңа объектілерін салу және қолданыстағыларды қайта жаңарту кезінде жүйелі тәсілді енгізу;

2. Сумен жабдықтау және су бұру су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру объектілерін қаржыландыруға жеке капиталды барынша тарту;

3. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің экономикалық негізделген моделін енгізу;

4. Қалалық және ауылдық жерлердегі сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындарын МЖӘ моделіне кезең-кезеңімен көшіру;

5. Сумен жабдықтау және су бұру саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық базаны жетілдіру;

6. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің техникалық жай-күйінің мониторингі жүйесін құру;
7. Халықты ауыз сумен жабдықтау үшін жер асты суларының әлеуетін барынша пайдалану;
8. Сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін жобалау сапасын арттыру және сумен жабдықтау мен су бұру саласында қазақстандық қамтуды дамыту;
9. Саланы кадрмен қамтамасыз ету.

1. Сумен жабдықтаудың және су бұрудың жаңа объектілерін салу және қолданыстағыларды реконструкциялау кезінде жүйелі тәсілді енгізу

Сумен жабдықтаудың және су бұрудың жаңа объектілерін салуға және қолданыстағыларды реконструкциялауға жұмсалатын бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында жүйелі тәсіл қолданылатын болады.

Жүйелі тәсіл ауылдық және қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің ағымдағы жай-күйіне міндетті зерттеу, сондай-ақ ғылыми-техникалық негіздемесі жағдайын және ауылдық және қалалық жерлерде сумен жабдықтаудың және су бұрудың келісілген жобалар тізбесін қалыптастыруды көздейді.

ҚР Үкіметінің 2011.01.09. № 994 [Қаулысымен](#) 2-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 [Қаулысымен](#) 2-кіші бөлім жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелері үшін

Қалалық жерлердегі жүйелі тәсіл мыналарды көздейді:

1. Сумен жабдықтау және су бұру желілерін салуды және қайта жаңартуды талап ететін елді мекендердің алдын ала тізімін қалыптастыру.

2. Қалалардың сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне (2011 жылдың екінші жартыжылдығында аяқтай отырып) зерттеу жүргізу. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша 56 қалалық сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерінің қалалық сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне арналған инвестициялар негіздемелерін әзірлеу (жұмыстың 2011 жылдың екінші жартыжылдығында бастау және 2013 жылы аяқтау).

Қалаларды дамытудың перспективалық көрсеткіштері (халық саны, өнеркәсіп және т.б.) сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне инвестициялардың негіздемелерін әзірлеу үшін негіз болып табылады, соның негізінде тиісті деректер қалыптастырылады (су тұтынудың және су бұрудың жалпы көлемі, сарқындының сапалық және сандық сипаттамалары болжанады және т.б.).

Бас жоспарлары жоқ қалалар бойынша инвестициялардың негіздемесін бекіту жергілікті атқарушы органдар бекіткен кемінде 2020 жылға дейін есептелген мерзімге арналған қалаларды дамытудың перспективалық көрсеткіштерінің негізінде жүргізіледі.

3. Жергілікті атқарушы органдардың жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жоспарланып отырған жобалардың тізбесін Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігімен келісуі.

4. Сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесін зерттеу нәтижелері болған кезде және сумен жабдықтау мен су бұрудың қалалық жүйелері инвестицияларының негіздемесіне қатаң сәйкестікте қалыптастыру.

5. Сумен жабдықтау және су бұру жобаларының алдын ала тізбесін бекіту.

1. Сумен жабдықтау және су бұру жобаларының алдын ала тізімін қалыптастыруды Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі жоспарланатын қаржы жылының алдындағы жылдың бірінші тоқсанында жергілікті атқарушы органдардың келесі қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімдері негізінде жүзеге асыратын болады.

Бұл ретте, сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іріктеудің негізгі өлшемі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдар тарапынан жобаларды міндетті түрде бірлесіп қаржыландыру болуы тиіс.

Сумен жабдықтау және су бұру жобаларын іріктеу және тізбеге қосу мынадай өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

- 1) электрондық және қағаз жеткізгіштерде жобалау-сметалық құжаттаманың болуы;
- 2) экологиялық сараптаманың болуы;
- 3) Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің келісімі, оның ішінде пайдалану мерзімі аяқталған қолданыстағы сумен жабдықтау көздері бойынша уақытша қорытынды;
- 4) жобаның жобалау сметалық құжаттамасына мемлекеттік сараптаманың қорытындысы;
- 5) салалық мемлекеттік органның салалық сараптамасы;
- 6) түсіндірме жазба;
- 7) техникалық зерттеудің болуы;

- 8) жобаны бекіту туралы бұйрық;
- 9) пайдаланушы кәсіпорынның болуы.

2. 2010 жылы басталған қалалық елді мекендердің (бұдан әрі - ҚЕМ) сумен жабдықтау мен су бұру жүйелеріне зерттеу жүргізу жалғасады.

Зерттеу жөніндегі іс-шаралар: диагностикалау әдістерін қолдана отырып, қолдағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің техникалық жағдайы туралы бастапқы деректерді жинауды жер асты су тартқыштар бойынша гидрогеологиялық қорытындылар мен жер үсті су тартқыштар бойынша гидрогеологиялық қорытындылар жасауды қамтиды.

Орындалған іс-шаралардың нәтижесі сумен жабдықтау, су бұру жүйелерін зерттеу актісі және «Ғимараттар мен құрылғылардың техникалық жағдайын зерттеу және бағалау» ҚР ҚН 1.04-04-2002 сәйкес объектілер жағдайы туралы техникалық түйіндеме болып табылады.

Зерттеудің орындалуына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі техникалық тапсырма түрінде бекітеді.

Зерттеулер нәтижесі Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен келісіменнен кейін Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі оны есеп түрінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуға тиіс.

Зерттеуден кейін пайдаланушы кәсіпорындар негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізуге тиіс. Жүргізілген зерттеулер қорытындысы бойынша (Ірі және орташа қалалар) 2011 - 2013 жылдары сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің инвестициялық негіздемесі әзірленетін болады.

Қалаларды сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің инвестициялық негіздемесі мыналарды қамтуы тиіс:

коммуналдық қызметтерді өндіру және тұтыну көлемінің, коммуналдық қызметтерге тарифтер деңгейі өсуінің болжамы;

инвестициялық жобаларды іріктеу өлшемдері және оларды іске асыру басымдылығы;

коммуналдық секторды қайта жаңғырту және дамыту жобаларын қаржыландыру көздері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

инвестициялық жобалардың жалпы тізімі;

жобаларды қаржыландыру көздері бойынша ұсыныстар;

энергияны және ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу;

қазақстандық қамтуды қамтамасыз ету.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне инвестициялардың негіздемелеріне қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі белгілеуі тиіс. Сумен жабдықтау және су бұру инвестициялық жүйелерінің негіздемелерін әзірлеуді Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі сумен жабдықтау және су бұру саласындағы ведомстволық бағынысы мемлекеттік жобалау-ізвестіру ұйымы арқылы орталықтандырып жүзеге асырады.

Одан кейін, инвестициялар негіздемелерінің негізінде сумен жабдықтаудың және су бұрудың қалалық жүйелерінің жекелеген учаскелеріне және объектілеріне ЖСҚ әзірленетін болады.

56 қалаға инвестициялық негіздемелер әзірлеу жөніндегі жұмыс 2013 жылы аяқталуға тиіс, алайда бүгінгі күнге дейін орындалған жұмыстардың көлемі кестеден артта қалып келеді.

3. Қалалық жерлерде сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесін қалыптастыру зерттеу қорытындылары болған кезде және сумен жабдықтау мен су бұрудың қалалық жүйесінің инвестициялық негіздемесімен қатаң сәйкестікте жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте, қалалық жерлерде жобалар тізбесін қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет тарапынан бірлесіп қаржыландыру міндетті шарт болады.

Бөлінетін қаражатты өңірлер арасында бөліп беру өңірде тұратын халық санына тепе-тең жүзеге асырылады.

Өңір ішінде бюджет қаражаты қалалар бойынша мынадай өлшемдерге сәйкес бөлінетін болады:

қалалардағы халық саны;

халықтың сумен жабдықтаумен және су бұрумен қамтылуы;

жөндеуді қажет ететін сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің үлесі.

Осылайша, сумен жабдықтау және су бұру жобаларының тізбесін қалыптастыруды жергілікті атқарушы органдардың өтінімдері мен инвестициялар негіздемелерінің нәтижесі негізінде Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі жүзеге асырады.

Жобалардың басымдылығын сумен жабдықтаудың және су бұрудың қалалық жүйелерінің инвестициялары негіздемелерінің негізінде жоғарыда көрсетілген басымдылық өлшемдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі анықтайды.

Сумен жабдықтау және су бұру жүйелері инвестицияларының негіздемелерін әзірлеу кезеңінде (2011 - 2013 жылдар) қалалық жердегі сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесіне жобаларды іріктеу осы бөлімінің 1-тармағында көрсетілген өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылатын болады. Жыл сайын құрастырылатын қалалық жердегі сумен жабдықтау және су бұру жобаларының бірыңғай тізбесі мыналарды қамтитын болады:

ЖСҚ-ның сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін инвестицияларының негіздемесіне сәйкестігі расталған, сондай-ақ сумен жабдықтаудың расталған көздері бар ҚЕМ жобалары;

ЖСҚ әзірлеуді немесе түзетулерді қажет ететін ҚЕМ жобалары;

жер асты сулары қорымен қамтамасыз ету үшін геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуді қажет ететін ҚЕМ жобалары;

жер асты су көздерінің пайдалану мерзімі аяқталған, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті жер асты сулары қорларының бар болуы туралы уақытша қорытынды берген ҚЕМ жобалары;

Қалалық жердегі сумен жабдықтау және су бұру жобаларының түпкілікті қалыптастырылған бірыңғай тізбесі кейіннен, жоспарланған қаржы жылының алдындағы жылдың екінші тоқсанында Ауыз сумен қамтамасыз ету саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияның қарауына шығару үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне және Экономикалық даму және сауда министрлігіне алдын ала қарауға енгізілетін болады.

3. Ауылдық сумен жабдықтау және су бұру жүйелері үшін

Ауылдық сумен жабдықтау және су бұру объектілері үшін жүйелі тәсіл мыналарды көздейді:

ҚР Үкіметінің 2011.01.09. № 994 [Қаулысымен](#) 3.1-кіші бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 [Қаулысымен](#) 3.1-кіші бөлім жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3.1. Сумен жабдықтау

Сумен жабдықтау жүйесінің жай-күйіне жүргізілген техникалық зерттеулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі елді мекен шегінде және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі елді мекен шегінен тыс ауылдық жердегі сумен жабдықтау жобаларының бірыңғай тізбесін қалыптастырады, ол мынадай бөлімдерді қамтуы тиіс;

құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу мүмкін болатын АЕМ (зерттеу нәтижелері бойынша ЖСҚ сәйкестігі және сумен жабдықтау көздерінің болуы расталған);

ЖСҚ әзірлеу немесе түзету талап етілетін АЕМ (зерттеу нәтижелері бойынша ЖСҚ әзірлеу үшін техникалық өлшемдер айқындалған немесе ЖСҚ түзету қажеттілігі анықталған);

жер асты сулары қорларымен қамтамасыз ету үшін геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу талап етілетін АЕМ;

жер асты су көздерінің пайдалану мерзімі аяқталған, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті жер асты сулары қорларының бар болуы туралы уақытша қорытынды берген АЕМ;

Сумен жабдықтау жобаларын іріктеу және тізбеге енгізу мынадай өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

1) электрондық және қағаз жеткізгіштерде жобалау-сметалық құжаттаманың болуы;

2) экологиялық сараптаманың болуы;

3) Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің келісімі, оның ішінде пайдалану мерзімі аяқталған қолданыстағы сумен жабдықтау көздері бойынша уақытша қорытынды;

4) жобаның жобалау сметалық құжаттамасына мемлекеттік сараптаманың қорытындысы;

5) салалық мемлекеттік органның салалық сараптамасы;

6) түсіндірме жазба;

7) техникалық зерттеудің болуы;

8) жобаны бекіту туралы бұйрық;

9) пайдаланушы кәсіпорынның болуы.

Сумен жабдықтау жөніндегі жобалардың басымдығы мынадай өлшемдер бойынша анықталатын болады:

1) халық саны 1000 адамнан астам АЕМ;

2) халық саны 500-ден 1000 адамға дейінгі АЕМ;

3) халық саны 100-ден 500-ге адамға дейінгі АЕМ.

Жобалардың басымдығын Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі техникалық зерттеулердің негізінде жоғарыда көрсетілген басымдық өлшемдерін негізге ала отырып анықтайтын болады.

Сондай-ақ, сумен жабдықтау жобаларын іріктеудің негізгі өлшемдерінің бірі жергілікті атқарушы органдар тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті түрде бірлесіп қаржыландыру болуы тиіс.

Ауылдық жердегі сумен жабдықтау жобаларының бірыңғай тізбесін Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі елді мекен шегінде және Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі елді мекендерді жер асты сулары қорымен

қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің келісімі бойынша қалыптастырады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің қарауына енгізеді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі қарағаннан кейін ауылдық жердегі сумен жабдықтау жобаларының бірыңғай тізбесі жоспарланатын қаржы жылының алдындағы жылдың екінші тоқсанында Ауыз сумен жабдықтау саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияның қарауына ұсынылады.

ҚР Үкіметінің 2011.01.09. № 994 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2012.15.05. № 621 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#) 3.2-кіші бөлім өзгертілді

3.2. Су бұру

1. Орталықтандырылған сумен жабдықталған бар ауылдық елді мекендердің су бұру жүйесіне зерттеу жүргізу үшін елді мекендердің алдың ала тізімін қалыптастыру.

2. Іске асыруға жоспарланған су бұру жобаларына зерттеулер жүргізу;

3. Су бұру жобаларының түпкілікті тізбесін бекіту.

Су бұру жобаларының алдың ала тізімін қалыптастыру жыл сайын Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі жоспарлайтын қаржы жылының алдындағы жылдың бірінші тоқсанында жергілікті атқарушы органдардың келесі қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімдері негізінде жүзеге асырылады.

Су бұру жобаларының алдың ала тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) мыналар енгізілуі тиіс:

бекітілген ЖСҚ бар жобалар, пайдаланушы кәсіпорынның немесе ұйымының болуы, экологиялық сараптаманың оң қорытындысының болуы.

Бұл ретте жобаларды іріктеудің негізгі өлшемі жергілікті атқарушы органдар тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жобаларды міндетті түрде бірлесіп қаржыландыру болуы тиіс.

Су бұру жобаларын іріктеу және тізбеге енгізу мынадай өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс:

1) электрондық және қағаз жеткізгіштерде жобалау-сметалық құжаттаманың болуы;

2) экологиялық сараптаманың болуы;

3) жобаның жобалау-сметалық құжаттамасына мемлекеттік сараптаманың қорытындысы;

4) салалық мемлекеттік органның салалық сараптамасы;

5) түсіндірме жазба;

6) техникалық зерттеулік болуы;

7) жобаны бекіту туралы бұйрық;

8) пайдаланушы кәсіпорынның болуы.

Сумен жабдықтау жөніндегі жобалардың басымдығы мынадай өлшемдер бойынша анықталатын болады:

1) орталықтандырылған сумен жабдықтаудың болуы;

2) аудандық орталықтар;

3) халық саны 1000 адамнан астам АЕМ.

Су бұру жобаларын іріктеу нәтижелері бойынша жүйелер жағдайын техникалық зерттеу жүргізу үшін жобалар тізбесі қалыптастырылады. Зерттеу ғимаратты, құрылыстарды және су бұру жүйелерінің желілерін пайдаланушы кәсіпорыннан немесе оларды баланста ұстаушы ұйымдардан ақпарат жинау және объектілер орналасқан жерде салыстыру арқылы жүргізіледі және зерттелетін объектінің мынадай сипаттамаларын қамтуы тиіс:

Зерттеулерден кейін пайдаланушы кәсіпорындар негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізулері тиіс.

Техникалық зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі экологиялық қауіпсіздік бөлігінде Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің келісімі бойынша ауылдық жердегі су бұру жобаларының бірыңғай тізбесін қалыптастырады және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің қарауына енгізеді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі қарағаннан кейін ауылдық жердегі су бұру жобаларының бірыңғай тізбесі жоспарланатын қаржы жылының алдындағы жылдың екінші тоқсанында Ауыз сумен жабдықтау саласында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі комиссияның қарауына ұсынылады.

ҚР Үкіметінің 2012.15.05. № 621 [Қаулысымен 4-кіші бөлім өзгертілді \(бұр.ред.қара\)](#)

4. Су шаруашылығы секторының инвестициялық тартымдылығын арттыру әрі сумен жабдықтау және су бұру объектілерін қаржыландыруға жеке капиталды барынша тарту

Сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындарының дағдарыстық жағдайы осы сектор кәсіпорындарының қаржылық жағдайының қанағаттанарлықсыз болуымен байланысты екендігі белгілі.

Қазіргі таңда тұрғындар саны 50 мың адамнан астам ірі қалаларда орналасқан сумен жабдықтаудың және су бұрудың 26 базалық кәсіпорнының ішінен 20 кәсіпорын коммуналдық меншік нысанында және 6 кәсіпорын жеке капиталдың қатысуымен құрылған.

Бұл ретте 2008 - 2010 жылдар кезеңінде зерттелген 20 қалалық коммуналдық су арналары бойынша кәсіпорындардың 52,6 %-ы негізгі қызметінен теріс қаржылық нәтиже алды.

Су арналары инвестицияларының жалпы сомасының 78,8 %-ы бюджеттік қаражатқа келеді, 12,8 %-ы жеке меншік, 8,4 %-ы қарыз көздеріне келеді.

Жалпы, осы саладағы кәсіпорындардың қызметі шығынның жоғары болуымен, сумен жабдықтау қызметтері өндірісіне шығыстарды төмендетуде экономикалық ынталандырудың болмауымен, бәсекелестіктің дамымауымен сипатталады, бұл негізгі қорлардың тозуының жоғары дәрежесінің сақталуына,

кәсіпорынның тиімді жұмыс істемеуіне, энергия, су және басқа ресурстардың жоғары шығынына әкеледі.

Айталық, 2011 жылғы 1 қаңтарға тексерілген 20 қалалық су арналарының деректері бойынша сумен жабдықтау жүйесі ұзындығының барлығы 10458 км, су бұру желісі - 6057 км құрады, бұл ретте сумен жабдықтау жүйесінің тозу деңгейі орта есеппен 64 %-ды, су бұру жүйесі 56 %-ды, орталықтандырылған сумен жабдықтау қызметіне қолжетімділік деңгейі 79 %-ды, су бұру қызметіне 69 %-ды құрайды.

Жыл сайын қалалық сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерінің өзіне қайта жөндеуге және жаңғыртуға республикалық бюджеттен жыл сайын шамамен 25,0 млрд. теңге бөлінетініне қарамастан, жалпы Қазақстан Республикасы бойынша орташа су секторының қалалық жүйелері мен құрылғыларының тозу деңгейі жоғары күйінде сақталып отыр және 60-80 %-ды құрайды.

Осыған орай, сараптамалық бағалау бойынша 86 қала (26 ірі және 60 шағын) бойынша су құбырлары мен кәріз құрылыстарына жұмсалатын шығынды есепке алмағанда, сумен жабдықтау мен су бұру жүйелерін қайта жөндеуге жалпы қаражат қажеттілігі 515,6 млрд. теңгеге бағаланады.

Инвестициялардың осындай көлемін бюджеттік салымдар есебінен ғана қамтамасыз етуге болмайтыны анық және сыртқы инвестиция тарту үшін жағдай жасауды талап етеді, олар халықаралық қаржы институттары, су секторында тәжірибесі бар жеке инвесторлар және даму жөніндегі басқа әріптестер болуы мүмкін.

Осыған байланысты Бағдарлама шеңберіндегі қызметтің негізгі бағыттарының бірі сумен жабдықтау мен су бұру секторларының инвестициялық тартымдылығын қалыптастыру болып табылады.

Кәсіпорындардың рентабельді жұмысын және жеке инвесторлар салған инвестициялар қайтарымдылығының кепілдігін қамтамасыз ететін инвестициялық тартымды тарифтер сектордың инвестициялық тартымдылығын арттырудың негізгі факторына айналуға тиіс.

Инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ететін тарифті қалыптастырғанда:

инвестордың қаржылық-экономикалық тәуекелін;
нормативтік және/немесе нормативтен тыс шығындарды төмендетуді;

жобалардың ішкі кірістілік нормаларын және басқаларды ескеру қажет.

Желілердің қазіргі тозу деңгейін және сумен жабдықтау мен су бұру қызметтеріне қолданыстағы тарифтердің деңгейін ескере отырып, алдағы кезеңде қала жүйелерін қалыпқа келтіру және дамыту жөніндегі іс-шараларды бюджеттен бірлесіп қаржыландыру сақталады.

Сумен жабдықтау мен су бұрудың қалалық жүйелерін қайта қалпына келтіруге және дамытуға қажетті сома қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері агенттігі жүргізіп жатқан зерттеу мен инвестициялардың негіздемесін әзірлеу бойынша нақтыланатын қорытындыларын атап өту керек.

Сонымен қатар, сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне орта және ұзақ мерзімді тарифтің шекті деңгейінің есебі мемлекеттік бюджетке жыл сайынғы жүктемені төмендету есебінен ғана емес, жеке инвестиция тарту есебінен және тиісті кәсіпорынның ішкі резервтерін тиімді қолдану есебінен жүзеге асырылуға тиіс.

Бағдарламада 2020 жылдың аяғына дейін республиканың 26 ірі қаласын базалық сумен жабдықтау мен су бұру кәсіпорындарын орта және ұзақ мерзімді тарифтер бойынша жұмысқа көшіру көзделген. Сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорының жеке айналым қаражатын толықтыру көздерінің бірі суды қолдану көлеміне байланысты және тұтынушылар тобы бойынша сараланған тарифтерді қолдану мүмкіндігі болып табылады.

Бағдарламада сумен жабдықтау және су бұру секторын жаңғырту жобаларын қаржыландырудың мынадай қағидаттары белгіленеді;

қайта жаңарту мынадай жолмен жүргізілуіне тиіс:

1) табиғи монополия субъектілерінің орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаны іске асыруы;

2) мемлекеттік меншіктегі объектілер үшін бюджет қаражатын бөлу, сонымен бірге сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындары тарифті бекіту;

Халықтың сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне қол жеткізуін арттыру үшін жаңа инженерлік желілер салу бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін болады.

Сумен жабдықтау және су бұру секторын жаңғыртудың тиімді және негізгі аспектілерінің бірі жүргізіліп жатқан тарифтік саясаттың озық құралдарын қолдану болып табылады.

Оған су арналарының орта және ұзақ мерзімді кезеңдерде шекті (инвестициялық) тарифтерді қолдануы жатады.

Шекті (инвестициялық) тарифтер бойынша жұмыс істейтін субъектілердің санын арттыру мүмкіндігін іске асыру:

1) су арналарының тарифтік кірістер есебінен және қарыз қаражатын мейілінше аз тарта отырып, жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды) қажетті көлемде қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында негізгі қаражатқа кезең-кезеңмен (үш-төрт жылда бір рет) қайта бағалау жүргізуі;

2) су арналарының жабдықтарды ауыстыра, жаңа техникалар мен технологияларды енгізе отырып, сумен жабдықтау және су бұру секторының желілері мен құрылғыларын жаңғыртуға және қайта жаңартуға арналған инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуі және бекітуі;

3) реттелетін қызметтерге инвестициялық тарифтер {орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерге} бекіту;

4) реттелетін қызметтерге бір мезгілде тарифтердің өсуіне жол бермеу үшін республиканың барлық өңірлерінде табиғи монополия субъектілерінің, ең алдымен - базалық субъектілердің (2015 жылға қарай міндетті көшуіне орай) инвестициялық тарифтерге көшуі бойынша кесте әзірлеу жолымен қамтамасыз етілетін болады.

ҚР Үкіметінің 2011.01.09. № 994 Қаулысымен (бұр.ред.қара) ; 2012.15.05. № 621 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 5-кіші бөлім өзгертілді

5. Қалалық және ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындарын МЖӘ моделіне көшіру кезеңдері

Қалалық су арналарын МЖӘ моделіне көшіруді жеделдету мақсатында Бағдарламада кәсіпорындардың бірқатар техникалық-экономикалық көрсеткіштерін ескере отырып, коммуналдық меншік нысанындағы 20 кәсіпорынды кезең-кезеңімен көшіру көзделген.

Бастапқы кезеңде 2012 жылы жеке инвесторлармен ынтымақтастықта дайындалған 4 пилоттық қаланың - Тараз, Атырау, Семей, Орал қалаларының су арналарын (халқының саны 200,0 мыңнан 300 мың адамға дейін) МЖӘ моделіне көшіру ұсынылады.

Осы кәсіпорындар бойынша су арналарының техникалық-экономикалық көрсеткіштері орта есеппен мынадай:

сумен жабдықтау жүйелерінің тозу деңгейі - 56%, су бұру жүйелері -48%;

жеке есептеу аспаптарымен қамту пайызы - 73%;

орта және ұзақ мерзімді тарифтердің болуы (2011 - 2012 жылдар кезеңінде көшірілетін болады);

тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтердің болуы.

Екінші кезеңде 2013-2015 жылдар кезеңінде 14 ірі қаланың (Қостанай, Орал, Ақтау, Талдықорған, Көкшетау, Петропавл, Өскемен, Екібастұз, Түркістан, Жезқазған, Балқаш, Кентау, Риддер, Қызылорда) және республикалық маңызы бар 2 қаланың (Алматы, Астана) қалған 16 су шаруашылығы кәсіпорындары МЖӘ тетіктерін қолдануға көшіру көзделген, олардың су арналарының орташа техникалық-экономикалық көрсеткіштері мынадай:

сумен жабдықтау жүйелерінің тозу деңгейі - 58%, су бұру жүйелерінің -55%;

жеке есептеу аспаптарымен қамту пайызы - 83%;

орта және ұзақ мерзімді тарифтердің болуы (2012 - 2016 жылдар кезеңінде көшірілетін болады);

тұтынушылар тобы бойынша сараланған тарифтердің болуы.

Бастапқы кезеңде жеке капиталды тартуға су арналарын дайындау мақсатында техникалық көмек құралдарын қолдану арқылы (гранттық қаржыландыру) әртүрлі халықаралық қаржы институттарымен бірлесе отырып, су арналарының қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштері мен ағымдағы техникалық жағдайына егжей-тегжейлі сараптама жүргізілетін болады.

Бұдан кейін Халықаралық қаржы институттары, ҚР Үкіметі және Пилоттық қалалар (облыстар) әкімдіктері арасындағы түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылады.

2011 жылы сумен жабдықтау мен су бұру саласында МЖӘ жобаларын дайындау үшін Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі, Қазақстан Республикасы табиғи монополияларды реттеу агенттігі, Еуропа Қайта Құру және Даму банкі мен Тараз, Атырау, Семей қалалары әкімдіктерінің арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Қазіргі уақытта Еуропа Қайта Құру және Даму банкі жобалардың ТЭН-ін әзірлеп жатыр. Осы ТЭН әзірленгеннен және бекітілгеннен кейін конкурстық құжаттама әзірленетін, келісуден өткізілетін және бекітілетін болады және жобаларды іске асыру үшін әлеуетті инвесторларды тартуға конкурс жарияланады.

Бюджет қаражаты барынша аз тартылатын инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында осы сектордағы табысты жұмыс тәжірибесі мен қаржы қаражатының көлемі бар жергілікті инвесторларға басымдық берілетін болады.

Инвестициялық бағдарламаларды іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдармен келісімдер не жеке инвесторлармен келісімшарттар жасасқанда, 2020 жылға дейін қалалық жерлерде осы Бағдарламаның нысаналы индикаторларын қамтамасыз ету бойынша инвесторлар үшін бірқатар нақты міндеттемелерді көздеу қажет:

орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтауға және су бұруға қол жетімділік деңгейін 100%-ға дейін жеткізу;

сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің сенімділігін өсіру (авариялар саны 1 километрге - тиісінше 0,3 және 0,1);

халық үшін жеке есептеу аспаптарымен қамту - 100 %;

нормативтік-тазаланған су деңгейін 100 %-ға дейін арттыру арқылы сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің сапасын арттыру;

нормативтік ысырап деңгейін 15 % дейін төмендету.

Сондай-ақ кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылату бойынша міндеттемелер көздеу қажет:

суды автоматтандырылған коммерциялық есептеумен қамтамасыз ету 100%;

қызметтер көрсетудің өзіндік құнындағы операциялық шығындарды 70 %-ға дейін төмендету, сарқынды су көлемінің бірлігіне электр энергиясының үлестік шығынын төмендету және т.б.

Жергілікті атқарушы органдарға өз кезегінде осы көрсеткіштер негізінде инвестор қабылдаған міндеттердің орындалуы бойынша мониторинг және бақылау жүйесін ұйымдастыру қажет.

Сондай-ақ, Бағдарлама шеңберінде Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі әр облыстан бір-бірден 14 аудандық кәсіпорынға сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындары үшін пилоттық режимде МЖӘ модельдерін қолдану мүмкіндігін қарастыратын болады.

Осы мақсатта жергілікті атқарушы органдарға іріктеп алынған ауылдық елді мекендерде жұмыс істеп тұрған сумен жабдықтау және су бұру кәсіпорындарына талдау жүргізу қажет.

Будан кейін кәсіпорындардың 2020 жылға дейінгі инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу қажет, онда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің негізгі даму бағыттарын және орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру, суды есептеу аспаптарын орнату жөніндегі индикаторларға қол жеткізу жолдарын көрсету қажет.

Бұл ретте сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға салынатын салымдар бойынша инвесторға қойылатын міндетті талаптарды белгілеу қажет.

Кейінен пилоттық жобаларды іске асыру тәжірибесі республиканың қалған елді мекендеріне таратылатын болады.

6. МЖӘ-нің әлеуетті нысандары

Халықаралық практикада мемлекет пен жекеменшік секторының арасындағы өзара қатынастар екі МЖӘ нысан шеңберінде қолданылады:

келісімшарттық МЖӘ (концессия, жалға беру, сенімгерлік басқару);

институционалдық МЖӘ (бірлескен кәсіпорындар, мемлекеттік мүліктің үлестерін сату).

Сумен жабдықтау саласындағы халықаралық практика негізінде қолдануға болатын келісімшарттық МЖӘ-нің мынадай түрлері айқындалған:

Басқаруға және ұстауға арналған келісімшарттар жеке сектор субъектісінің ағымдағы операциялық және өндірістік қызметі бойынша әкімшілік шешімдер қабылдау, мемлекеттік меншік объектілерін басқару және қызмет көрсету жөніндегі функцияларын көздейді. Мұндай келісімшарттар берілетін объектіге айтарлықтай институционалдық өзгерістер қажет етпейді. Осындай келісімшарттардың басты мақсаты ішкі басқару жүйесін және объектінің операциялық қызметін жақсарту болып табылады.

Тұтынуға арналған тарифтер объектінің өзін-өзі ақтауын қамтамасыз ету үшін қажетті деңгейден төмен белгіленген кезде басқаруға және ұстауға арналған келісімшарттарды тиімді пайдалануға болады.

Жеке меншік сектор субъектілері өзінің басқару және ұстау жөніндегі қызметі үшін сыйақы алады. Сыйақының жалпы құны әдетте конкурс жүргізу арқылы анықталады да, қызметтердің ең қолайлы бағасын ұсынған компанияға келісімшарт беріледі. Бұл ретте сыйақының нақты төленуі қызмет тиімділігінің алдын ала белгіленген көрсеткіштеріне байланыстырылуы мүмкін.

Басқаруға және ұстауға арналған келісімшарттар бойынша мемлекеттік сектордың тұтынушылар алдындағы қызметті ұсынғаны үшін және объектілерді қайта құру, дамыту, жөндеу жүргізу бойынша жалпы жауапкершілігі сақталады. Мұндай келісімшарттар, әдетте 3-5 жыл мерзімге жасалады. Жеке меншік секторға жүктелетін тәуекел үлкен емес.

Көбінесе лизинг деп аталатын пайдалануға және ұстауға арналған келісімшарттар жеке сектордың өндірістік объектілерді жалға алуын және оның оператор функцияларын атқаруын көздейді. Жеке меншік сектор тұтынушының алдында қызмет көрсету операторы ретінде жауапты болады. Осындай

келісімшарттарды жасаудың мақсаты операциялық тиімділікті арттыру және ұсынылатын қызметтің сапасын жақсарту, сондай-ақ объектілерді қаржыландыру үшін жеке сектордан қаражат тарту.

Жеке оператор айналым капиталына қажеттілікті өтейді; кейбір жағдайларда ол қабылданатын активтердің бір бөлігін ауыстыруды және жаңғыртуды қаржыландырады. Объектілерді және т.б. қалпына келтіру мен кеңейту жөніндегі күрделі салымдарды қаржыландыру мемлекеттік сектордың міндеті болып табылады.

Мұндай келісімшарттар бойынша жеке оператор объектіні пайдаланғаны және ұстағаны үшін мөлшері оның тиімділік көрсеткіштеріне тікелей байланысты болатын сыйақы алады. Сонымен бір мезгілде жеке оператор күрделі салымдар үшін пайдаланылатын үкіметке «жалдау» ақысын төлейді. Мұндай келісімшарттардың ұзақтығы мерзімі 5-10 жыл. Жеке секторға жүктелетін тәуекел орташа ретінде сипатталады.

Салуға (иелеуге)-пайдалануға арналған келісімшарттар жекелеген сынаптамаларда концессиялық келісімшарттар түрлеріне жатқызылады. Бұлардан өзгешелігі қызметтерді жеткізуші салынған объектіге меншік құқығын әрдайым өзіне сақтайды. Үкімет белгілі бір уақыт аралығында көрсетілетін қызметтердің бәрін немесе бір бөлігін сатып алу міндетін өзіне алады.

Келісімшарттық МЖӘ-нің бастапқы екі түрі жеке меншік иесі тарапынан негізгі күрделі қаржыландыруды талап етпейтін, бірақ сапалы менеджмент пен ағымдағы жөндеу жұмыстарын өтеуге қаржы тартуды қажет ететін жобаларға барынша лайықты.

Келісімшарттың үшінші түрі сумен жабдықтау объектілерін жаңадан салу көзделетін жобаларға барынша лайықты, бұл ретте жеке сектор құрылысқа салған өз инвестицияларын өтей отырып, пайдалану кезеңінде өзінің қызметтеріне мемлекеттің тұтыну кепілдігін алады.

